

**"Инвестицияларды мемлекеттік қолдауды іске асырудың кейбір мәселелері туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 13 қаулысына
өзгерістер енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қаңтардағы № 4 қаулысы.

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Қолданысқа енгізілу тәртібін 2-тармақтан қараңыз

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Инвестицияларды мемлекеттік қолдауды іске асырудың кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 13 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2016 ж., № 3-4, 14-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 282, 286, 294 және 295-2-баптарына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:";

көрсетілген қаулымен бекітілген инвестицияларды жүзеге асыруды және инвестициялық преференциялар беруді көздейтін инвестициялық жобаны іске асыруға арналған модельдік келісімшартта:

1-тармақтың 9) тармақшасы алып тасталсын;

3-тармақтың 2) тармақшасының он бірінші абзацы алып тасталсын;

21-тармақтың 4) тармақшасының екінші абзацы алып тасталсын;

25-тармақтың үшінші абзацы алып тасталсын;

5-қосымша алып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген инвестициялық жобаларды іске асыруға арналған қызметтің басым түрлерінің тізбесінде:

"3-бөлім. Қазақстан Республикасын индустриялық-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде инвестициялық субсидия берілетін инвестициялық басым жобаларды іске асыру үшін айқындалған қызметтің басым түрлерінің тізбесі" деген бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

"

3-бөлім. 2015 жылғы 29 қазандағы Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінің 295-2-бабына сәйкес жасалатын инвестициялар туралы келісімдер шеңберінде инвестициялық басым жобаларды іске асыру үшін айқындалған қызметтің басым түрлерінің тізбесі

01	Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы, аңшылық және осы	01.4	Мал шаруашылығы	01.41	Сүт бағытындағы ірі қара мал өсіру

	салаларда көрсетілетін қызметтерді ұсыну			01.42	Басқа да ірі қара мал және енекелер өсіру
10*	Тамақ өнімдерінің өндірісі	10.1	Етті өңдеу және консервілеу мен ет өнімдерінің өндірісі	10.11	Етті өңдеу және консервілеу
28	Басқа санаттарға енгізілмеген машиналар мен жабдықтар өндірісі	28.3	Ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы техникасының өндірісі	28.30	Ауыл шаруашылығы мен орман шаруашылығы техникасының өндірісі
21.2	Фармацевтикалық препараттар мен медициналық материалдар өндірісі	21.20	Фармацевтикалық препараттар мен медициналық материалдар өндірісі	21.20.2	Ветеринарияға арналған дәрілік препараттар өндірісі

”.

2. Осы қаулы "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне экономикалық өсуді қалпына келтіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2021 жылғы 2 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы қолданысқа енгізілген күннен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

А. Мамин